

Мектеп кітапханасында өткізілген іс-шаралар 2021-2022 оқу жылы

Мектеп кітапханасында 44200 кітап қоры бар, соның ішінде көркем әдебиет қоры – 8050 дана: қазақ тілінде - 3170, орыс тілінде – 4595, ағылшын тілінде – 285.

Оқулық қоры – 36150 дана, электрондық оқулық саны – 190, электрондық көркем әдебиет – 23. Жана буын мектеп оқулықтары, әдістемелік нұсқаулар, электрондық оқулықтар бар. Мерзімділік басылымдар: республикалық, қалалық газеттер мен журналдарды, оның ішінде балаларға арналған баспаларды жаздырып алады.

Кітапхананың негізі міндеті – білімдік, ақпараттық, мәдениеттік. Кітапхана пән мұғалімдермен тығыз байланыста. Әр түрлі мектеп іс-шаралар өткізу барысында: ашық сабақ, семинар, жан-жақты тәрбие жұмысы, сынып сағаты болсын керекті материал таңдаған кезде кітапханадан үнемі көмек алуға болады. Тәрбиелік жұмысының негізгі бағытында керекті әдебиет, газет және журнал мақалалар табуға жетекшілік етеді.

Өткізілген іс- шаралар:

2021-2022 оқу жылына жасалған кітап көрмелер :

«Бұл біздің тарихымыздың жолдары»

«Мемлекеттік тіл – менің тілім»

«Астана – армандар қаласы»

«Салауатты өмірге – ақ жол»

«Атаулы күндер күнтізбесі – Календарь памятных и знаменательных дат» тағы басқалар.



«Балалар әдебиеті – барша әдебиеттің баспалдығы» демекші мектебімізде шығармашылық топтың ұйымдастыруыменен **«Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт»** кітап марафоны өтті. Мақсаты: балаларды кітап оқуға ынталандыру, жасұрпақтың жүрегіне сәуле құятын туындылармен таныстыру. Бастауш және орта сынып оқушыларына 30 дана шығармалардың тізімі берілді, жоғары сыныптарға – 40 дана. Марафон қазан айында басталып, мамыр айында аяқталды. Оқушылар марафонға белсенді қатысты. Мектеп әкімшілігі үздік оқырман оқушыларды грамотамен және сыйлықтармен марапаттады. Марафонға қатысушы оқушыларымыздың кітап оқу сәттерінен **«Мен кітап оқығанды ұнатамын»** атты көрме ұйымдастырылды.



Библиотечный онлайн-урок: **«К тайнам великой мысли и слова...»** Қатысқандар - 7 орыс сыныптары, барлығы 77 оқушы. Сабақтың мақсаты - оқушаларды энциклопедиялармен, сөздіктермен, анықтамалық кітаптармен таныстыру. Сабаққа сынып жетекшілер, Астана қаласының мектептердің кітапханашалары қатысты. Сабақ электронды жазуында Білім беруді жаңғырту орталығына жіберілді.




Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдығына, Қалмұрза Исабековтың 95 жылдығына, және Наурыз мейрамына виртуалды кітап көрмесіне шолу өткізілді. Бұл іс- шараларды мектеп инстаграмына және фейсбукқа жүктедім.

29 -қазанда МКҚК Халықаралық мектеп кітапхана күніне орай кітапхана-нада «В гости сказка к нам пришла» атты кітап көрмесіне шолу ұйымдастырылды, қатысқандар 2-3 сынып оқушылары.




11 қарашада мектеп «Жеті түрлі ілім білетін» ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі күннің негізгі міндеті атты қалалық семинар өткізді. Семинар аясында

оқырмандарға автоматтандырылған кітапхана жүйесінің қызметі көрсетілді.



16 желтоқсанда 9, 10, 11-орыс сыныптардың арасында интеллектуалдық ойын өткізілді. «Лидер 21 века». Жауапты тарих мұғалімі: Аяпбергенова Г.



1 ақпан мен 11 ақпан аралығында «Махаббат пен шығармашылық педагогикасы» атты эстетикалық кафедра декадасына иллюстрациялық кітап көрме **«Мейірім төгетін ана»** дайындалды.



9 ақпанда Мұқағали Мақатаевқа арналған **«Әр өлені – бір әлем»** поэзия сағаты өтті. Оқырмандар ақынның өмір баянымен, шығармашылығымен танысты және видеослайд көрсетіліп, ақынның өлендері оқылды. Қатысушылар 5-9 сынып оқушылары.

24 ақпанда Мұқағали Мақатаевқа арналған атты әдеби –сазды кеш отты. Қатысушылар 8-9 сынып оқушылар. Оқушылар, мұғалімдер ақынның өлендерін оқыды, Мұқағалидың өлендеріне жазылған әндер орындалды, видеороликтер көрсетілді, кітапхана меңгеруші **«Ғасыр ақыны»** кітап көрмесіне шолу өткізді.



«Атаулы күндер күнтізбесі – Календарь памятных и знаменательных дат» кітап көрмесінде қолданыстағы тақырып бойынша материалдар жаңарып отырады.



Наурыз мейрамына «Наурыз – жыл басы» атты кітап көрме жасалды.